

**"Аншлагтарының үлгілерін және аңшылық шаруашылықтар, өсімін молайту учаскелері мен тыныштық аймақтары, балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің шекараларын, сондай-ақ аң аулау мен балық аулау үшін тыйым салынған мерзімдер мен орындарды, балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулауды есепке алу журналының (кәсіпшілік журналдың) нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 13 наурыздағы № 25-03-02/96 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 24 шілдедегі № 18-03/692 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 25 тамызда № 11942 болып тіркелді

### **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

«Аншлагтарының үлгілерін және аңшылық шаруашылықтар, өсімін молайту учаскелері мен тыныштық аймақтары, балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің шекараларын, сондай-ақ аң аулау мен балық аулау үшін тыйым салынған мерзімдер мен орындарды, балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулауды есепке алу журналының (кәсіпшілік журналдың) нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 13 наурыздағы № 25-03-02/96 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7573 болып тіркелген, 2012 жылғы 26 мамырдағы «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Бұйрықтың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«Аңшылық шаруашылықтар, өсімін молайту учаскелері мен тыныштық аймақтары, балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің шекаралары аншлагтарының үлгілерін, сондай-ақ аң аулау мен балық аулау үшін тыйым салынған мерзімдер мен орындарды, балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулауды есепке алу журналының (кәсіпшілік журналдың) нысанын бекіту туралы»;

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

«Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 29) тармақшасына с ә й к е с

### **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н : » ;**

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

« 1 . М ы н а л а р :

1) осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес Аңшылық шаруашылықтарының, өсімін молайту учаскелері мен тыныштық аймақтарының шекараларын, сондай-ақ аң аулауға тыйым салынған мерзімдер мен орындарын көрсететін аншлагтардың үлгілері;»

2) осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес Өсімін молайту учаскелері мен тыныштық аймақтарының, балық шаруашылығы су айдындары мен учаскелерінің шекараларын, сондай-ақ балық аулауға тыйым салынған мерзімдер мен орындарын көрсететін аншлағтардың үлгілері;

3) осы бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес Балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулауды есепке алу журналының (кәсіпшілік журналдың) нысаны бекітілсін. » ;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Балық ресурстары мен басқа да су жануарларын аулауды есепке алу журналында (кәсіпшілік журнал):

«Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті» деген сөздері алынып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін ;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін ;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы*  
*А у ы л                      ш а р у а ш ы л ы ғ ы                      м и н и с т р і н і ң*  
*м і н д е т і н а т қ а р у ш ы                      Е. Нысанбаев*